

"Әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобаларды іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт қаражатын бөлу және пайдалану қағидалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 241 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 шілдедегі № 576 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобаларды іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт қаражатын бөлу және пайдалану қағидалары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 241 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобаларды іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 жылға бөлінетін нысаналы трансферт қаражатын бөлуде:

«3. ХҚҰ-дан сыртқы үкіметтік қарыз тарту арқылы іске асырылатын бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға» деген бөлімде:
реттік нөмірі 4-жол алып тасталсын;

«5. ХҚҰ-дан байланысты гранттар тарту жолымен жүзеге асырылатын техникалық көмек іс-шараларын іске асыруға» деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 3-жол мен толықтырылсын:

«

3.	«Қазақстан Республикасында құрамында тұтқыр органикалық ластағыштар бар қалдықтарды жою» жобасы	20 684	ЭМ	ДБ
----	---	--------	----	----

» ;

«6. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің (коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар) жарғылық капиталын ұлғайтуға облыстық бюджеттеріне, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттері» деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«

--

6. Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын ұлғайтуға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін нысаналы даму трансферттері

Қызылорда облысы	349 655	ҰЭМ	ЕҚДБ
1. Қызылорда қаласын сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің құрылысы және реконструкциялау	233 362	ҰЭМ	ЕҚДБ
2. Қызылорда қаласын жылумен жабдықтау жүйесінің құрылысы және реконструкциялау	116 293	ҰЭМ	ЕҚДБ
Барлығы	7 006 593		

» ;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобаларды іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт қаражатын пайдалану қағидаларында:

«1. Жалпы ережелер» деген бөлімде:

2-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) үшжақты келісімдер – республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшілері негіздемелік келісімдер шеңберінде нысаналы даму трансферттері мен жергілікті бюджет қаражаты есебінен қоса қаржыландырылатын квазимемлекеттік сектор субъектілеріне берілетін қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобаларды іске асыру туралы жергілікті атқарушы органдармен және халықаралық қаржы ұйымдарымен ж а с а т ы н к е л і с і м д е р ; » ;

6-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) үшжақты келісімдердің шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қарыз алуы жөніндегі жобаларды іске асыру үшін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын дамытуға және ұлғайтуға арналған нысаналы даму т р а н с ф е р т т е р і т ү р і н д е ; » ;

6-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Үшжақты келісімдердің шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қарыз алуы жөніндегі жобаларды іске асыру үшін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын ұлғайтуға нысаналы даму трансферттері түрінде бөлінетін қаражатты пайдалану және бөлу тәртібі»;

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«35. Үшжақты келісімдер шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын ұлғайтуға бағытталған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қарыз алуы жөніндегі жобаларды (бұдан әрі – квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қарыз алуы жөніндегі жобалар) қаржыландыру үшжақты келісімге қол қойылғаннан к е й і н ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы . » .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасының

К.Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ